

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік  
Қазақстан педагогикалық  
университетінің Басқарма төрағасы –  
Ректордың у.м.а.**

\_\_\_\_\_ **Г.Д.Сугірбаева**

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-білім беру қызметіндегі кәсіби  
күзiреттiлiгiн арттыру**

**Бiлiктiлiктi арттыру курсының бағдарламасы**

**Оқу мерзiмi: 2 апта**

**Жалпы сағат саны: 80**

**Шымкент – 2024**

Бағдарлама «Тарих және педагогика» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

*Хаттама №* \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

*Хаттама №* \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

*Хаттама №* \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

*Келісілген:*

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректордың у.м.а. ,  
Академиялық істер департаментінің директоры \_\_\_\_\_ Бердалиев Д.Т.

Тарих және педагогика факультет деканы \_\_\_\_\_ Г.Б.Таутаева

Үздіксіз білім беру орталығының басшысы \_\_\_\_\_ Дайырбеков С.С.

## Бағдарламаны құрастырушы жұмыс тобы

р/с	Аты жөні	Қызметі	Байланыс нөмері
1	Куанышбаева Зауре Бекенқызы	Аға оқытушы	87011372787

### Қысқартулар

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ТӨЖ – тыңдаушылардың өзіндік жұмысы

АКТ – ақпараттық коммуникациялық технология

### ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Ұсынылып отырған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-білім қызметіндегі кәсіби құзіреттілігін арттыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін орта мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыруда көздейді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттында күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін және бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік кәсіби құзіреттіліктерін арттыруға бағытталған.

### ГЛОСАРИЙ

Кәсіби құзіреттілік – өз маманының шебері, білімалушыға білім мен дағдыны қалыптастыруда дамытушы ортаны құратын, жұмыс жасау қабілетінің көрсеткіші жоғары.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – мұғалімнің педагогикалық қызметінің қалыптасуы мен оның іс-әрекеті, қарым-қатынасындағы адамгершілік қасиеті мен құндылығы, білім мен білік, дағдының жиынтығын қалыптастырған мұғалім.

Сыни ойлау – тұлғаның мәліметті меңгеруі, талдау қабілеті мен пікірлер мен шешімдерді беру мен алынған ақпарат нәтижелерін түсіну, әртүрлі мәліметтерді қабылдау мен қолдану қабілеті.

Функционалдық сауаттылық – танымдық қабілеттің жоғары болуы, іс-әрекеттің түрлі түрлерінде меңгеру дәрежесімен сипатталатын білім деңгейінің жоғары деңгейі көрініс табатын, әртүрлі процестер мен құбылыстарда проблемаларды шеше алу қабілеті.

Зерттеу дағды – білім мен тәжірибені жүргізу барысында зерттеу қызметін жүзеге асыру әрекеті, факутілер мен құбылыстарды зерттейтін, оны анықтауда негізгі мазмұны мен мақсатын, құралдарын түсінуі.

Критериалды бағалау-арнайы белгіленіп берілген өлшемдер негізінде білім алушылардың оқыту үрдісінде күтілетін нәтижелерге нақты қол жеткізген үдеріс.

Интерактивті оқыту әдісі - оқыту үрдісінде бірнеше білімалушымен мұғалімнің өзара қарым-қатынас жасау, диалог орнату, өзара әрекеттесуге бағытталған.

Ақпараттық технология – сабақ үрдісінде мұғалімнің оқу мақсатына қол жеткізу барысында қолданылатын оқу мәліметтері мен ақпараттарын жинау, талдау, сақтау, шығару мен таратудағы компьютерлік технологиялар.

Белсенді әдіс – білімалушының танымдық қызығушылығы мен белсенділігін ынталандыратын әдіс. Педагогикалық үрдісте білім алушының мәселені шешудегі ерікті іс-әрекеті.

Саралау – білімалушылардың педагогикалық үрдісте қажеттілігін қанағаттандыру, білім мазмұнын қолдау көрсету, алға ілгерлеуде мұғалімнің жетекшілігімен түрлі формада жүргізілетін қызмет.

Сандық білім беру ресурстары-сабақ үрдісінде қолданылатын қажетті мәліметтер, фотосуреттер мен бейнетаспалар, картографиялық материалдар, дыбыстық жазбалар, графикалық т.б. материалдар

SMART – жеке тұлғаны ынталандырудың, бейімделудің, ресурстарға еркін қолжетімділіктің, технологияларды пайдаланудың білім беру бағытын көрсететін өзіндік Self-directed бағытталған, Motivated ынталандырылған, Adaptive адаптивті, Resourcefree ресурстық, технологиялық тұрғыдан жасалған сөздерінің қысқартылуы.

Кері байланыс – түсіндірілетін материалдың игерілу деңгейі туралы ақпарат, оқу үрдісіндегі түсіну, меңгеру деңгейін анықтауда, іс-әрекетке жауап алу.

STEM: Science- ғылым, Technology-технология, Engineering-инженерлік іс, Math – математика.

STEM білім – жаңа технологияларды дамытуға, инновациялық ойлауға, жақсы дайындалған инженерлік кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған ғылымды біріздендіру.

Smart-learning – бұл икемді оқыту, бұл көптеген дереккөздердің болуын, мультимедияның максималды әртүрлілігін (аудио, видео, графика), мобильді құрылғылардың көмегімен тыңдаушының деңгейіне және қажеттіліктеріне тез және оңай бейімделуге мүмкіндік береді.

STEAM оқу-бұл жобалық және оқу-зерттеу қызметін мектепте, мектептен тыс уақытта жүзеге асырудың бір бағыты, аралас оқыту ортасын білдіреді және оқушыларға ғылыми әдісті күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді.

Ықшам сабақ – педагогтердің тәжірибесін жетілдіру мақсатында оларға қолдау көрсету әдісі. Педагогтер әдетте бес-алты адамнан тұратын шағын топтарда сабақ немесе сабақтың бір бөлігін өткізу үшін бірге жұмыс істейді. Топтағы әр педагог кезек-кезегімен тәрбиеші рөлін атқарып, «сабақ» өткізеді.

Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асырудағы педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері

### 3.Бағдарламаның тақырыптар

Бастауыш сыныпта білім беруге бағдарланған нормативтік құқықтық негіздері мен педагогтің пәндік білімін жетілдірудегі негізгі бағыттар. ҚР бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

«Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 311 болып тіркелді

«Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 311 болып тіркелді

1 модуль. Білім беруді дамытудың нормативтік, құқықтық тұжырымдамалық негіздері	1.1	Бастауыш сыныптың жалпыға міндетті білім беру стандарты (№348 бұйрық, 2022 ж). Білім беру үрдісінің нормативтік, тұжырымдамалық және құқықтық негіздерімен педагогтердің қызметіндегі нормативтер.
	1.2	ҚР мектепке дейінгі, орта, тәрбие, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы үкіметінің 28 наурыз 2023ж, №249 қаулысы) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (19 қыркүйек 2023 ж, №294 бұйрық)
	1.3	«Педагог» кәсіби стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 15 желтоқсан 2022 ж №500 бұйрығы)
2модуль. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2.1	Бастауыш сыныптағы инклюзивті білім беру мазмұны мен мұғалімнің оқыту әдістемесі
	2.2	Рефлексия. Педагог пен оқушының іс-әрекетіндегі рефлексияның рөлі.
3модуль. Білім беру сапасын арттыруда оқытудың мазмұны мен әдістері	3.1	Бастауыш сыныптың үлгілік оқу бағдарлама мазмұнына шолу (ҚР Оқу ағарту министрлігінің 16 қыркүйек 2022 ж, №399 бұйрық)
	3.2	Бастауыш сыныпта белсенді әдіс тәсілдерді қолданудағы педагогтің пәндік күзіреттілігі мен шеберлігі
	3.3	Б.Блум таксономиясы. Оқу мақсаттарына қол жеткізуде дамыту тапсырмаларын Блум таксономиясы негізінде дайындау тәсілдері.
	3.4	Математикалық есептер шығару арқылы білімалушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістемесі.
	3.5	Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықты анықтауда халықаралық зерттеулер. TIMSS-PIRLS зерттеулері.
	3.6	Бастауыш сыныпта пәндерді тиімді оқытудағы STEM жүйесі
	3.7	Мұғалімнің іс-әрекетіндегі саралаудың тәсілдері және оны қолдану әдісі.

	3.8	Жаратылыстану пәнін оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарының жүйесі. Күрделі тақырыптар оқыту және оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы педагогтік іс-әрекет
	3.9	Оқу мақсаттарына қол жеткізудегі қалыптастырушы тапсырмалар әзірлеу тәсілдері
	3.10	«Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы тілдік дағдылар. «Тыңдалым-айтылым», «Оқылым-жазылым» бөлімдері бойынша нәтижелеріне қол жеткізу
	3.11	Сабақты жоспарлап өткізудегі Lesson study зерттеу әдісінің тиімділігі
	3.12	Дүниетану пән бөлімдері «Мен және қоғам», «Тарих беттерінен», «Елімнің табиғаты» атты бөлімдерін оқытуда білімалушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру
	3.13	Бастауыш сыныптың білім беру мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Ғылыми жұмыстардың мазмұны мен бағыты.
4модуль.Цифрлық білім беру ресурстары мен технологиялар	4.1	Сандық білім беру ресурстары. Бастауыш сыныпта сандық білім беру ресурстарын дайындау және қолдану.
	4.2	Сабақта интербелсенді тапсырмаларды әзірлеу және іріктеуде онлайн сервистерін қолдану
	4.4	Бастауыш сынып пәндерін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері
5модуль. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттері мен зерттеу дағдысын дамыту	5.1	Авторлық білім беру бағдарлама мазмұны мен авторлық бағдарламаны әзірлеу
	5.2	Пәндік құзіреттілікті қалыптастыруда Lesson study, Learning study зерттеулерін жүргізу.
	5.3	Бастауыш сынып пәндерін оқытуда мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Проблемаларды талқылау және шешу жолдары

#### **4.Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтиже**

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгілері қалыптасуда. Қазақстандағы білім беру реформалар мазмұнындағы жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып отыр. Қазіргі таңда еліміз білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Қазақстандық білім беру жүйесін реформалаудың негізінде – білім сапасының жаңаруы мен ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл үрдіс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту стратегиясында негізгі мақсат - жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын ұлттық моделін құру мен нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзіретті мұғалімді қалыптастыру. Мұғалім білікті кәсіби маманы болумен қатар, әрбір жас бұлдіршінді жақсы көріп, оның көзқарасы мен пікірін сыйлап, тындап, құрмет көрсете білуі керек. Сабақ беруде кәсіби-шебер маман ретінде өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасап, қажеттілігін қанағаттандыратын, тұлғалық-ізгілігі мен адами құндылығы жоғары, педагогикалық шығармашылығы мен кәсіби іс-қимылын жүйелілікпен атқаруда қабілетті, оқытудың заманауи жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық-шетелдік тәжірибелерді педагогикалық үрдісте шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогтерді атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін оның жоғары деңгейде білімнің болуы мен ұстаздық шеберлігінде оқытудың жаңа әдістерін меңгерген, қабілетімен өлшенеді. Қоғамның талабы бойынша білім алушыларға пәнді оқытуда түсіндіре білу қабілетінің жоғары болуы мен кез-келген жағдайда проблемалық ситуацияларда шешім қабылдап, оқу-тәрбие үрдісінде әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып тұр. Сондықтан білім алушының өз бетінше білім алуы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыруға зор ықпалын жасай отырып, оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары мұғалімдерге меңгерту қажеттілігін және өзектілігін ескерілді.

**Мақсаты:** Бастауыш сынып мұғалімдерінің пән бойынша кәсіби құзіреттілігін дамыту жолдарын теориялық және тәжірибелік тұрғындан түсіндіру, кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1) нормативтік-құқықтық құжаттарға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына, типтік оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін зерделеу;

2) бастауыш сынып пәндерінің білім беру мазмұнына сәйкес тыңдаушылардың пәндік білімін кеңейту, әдістемелік қамтамасыз ету;

3) бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қызметін жүйелі сараптауға және теориялық тұрғыда сүйемелдеу, кәсіби-мотивациялық дайындау, дағдыны қалыптастыру;

4) бастауыш сынып мұғалімдерінің пән бойынша білім беру үдерісіндегі құзыреттілігін, білімін жетілдіріп отыруға бағыттау;

5) оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігін көрсету.

**Күтілетін оқу нәтижелері**

1) бастауыш білім берудің тұжырымдамалық негізі туралы теориялық білімдерін кеңейтеді, білім берудің негізгі талаптары мен бағыттарын түсінеді;



2) заманауи білім берудегі педагогикалық технологиялар мен интербелсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың әдістемесін үйренеді;

3) бастауыш сыныпта пәндердің мазмұнын оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызын меңгереді және сабақты ұйымдастырудың әдістемесін жасайды;

4) бастауыш сынып пәндерін оқытуда күрделі тақырыптарды оқытудың әдістемесін меңгереді;

5) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, практикалық сабақтарды тиімді өткізуді жетілдіреді.

## 5.Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

	Сабақтың тақырыбы	Диалог	Тәжірибелік	Жоба	Семинар	КТС	ТӨЖ	Тренинг	барлығы
	<b>1модуль. Білім беруді дамытудың нормативтік, құқықтық тұжырымдамалық негіздері</b>	2			4				6
1.1	Бастауыш сыныптың жалпыға міндетті білім беру стандарты (№348 бұйрық, 2022 ж). Білім беру үрдісінің нормативтік, тұжырымдамалық және құқықтық негіздерімен педагогтердің қызметіндегі нормативтер.	2							2
1.2	ҚР мектепке дейінгі, орта, тәрбие, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы үкіметінің 28 наурыз 2023ж, №249 қаулысы) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (19 қыркүйек 2023 ж, №294 бұйрық)				2				2
1.3	«Педагог» кәсіби стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 15 желтоқсан 2022 ж №500 бұйрығы)				2				2
	<b>2модуль.Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу</b>	2						2	4
2.1	Бастауыш сыныптағы инклюзивті білім беру мазмұны мен мұғалімнің оқыту әдістемесі	2							2
2.2	Рефлексия. Педагог пен оқушының іс-әрекетіндегі рефлексияның рөлі.							2	2
	<b>3модуль. Білім беру сапасын арттыруда оқытудың мазмұны мен әдістері</b>	2	16		16	8		2	46
3.1	Бастауыш сыныптың үлгілік оқу бағдарлама мазмұнына шолу (ҚР Оқу ағарту министрлігінің 16 қыркүйек 2022	2							2

	ж, №399 бұйрық)								
3.2	Бастауыш сыныпта белсенді әдіс тәсілдерді қолданудағы педагогтің пәндік күзiреттiлiгi мен шеберлiгi							2	2
3.3	Б.Блум таксономиясы. Оқу мақсаттарына қол жеткізуде дамыту тапсырмаларын Блум таксономиясы неігiзiнде дайындау тәсілдері.			4					4
3.4	Математикалық есептер шығару арқылы бiлiмалушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдiстемесi.		4						4
3.5	Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықты анықтауда халықаралық зерттеулер. TIMSS-PIRLS зерттеулері.				2				2
3.6	Бастауыш сыныпта пәндерді тиімді оқытудағы STEM жүйесі				2				2
3.7	Мұғалімнің іс-әрекетіндегі саралаудың тәсілдері және оны қолдану әдісі.							2	2
3.8	Жаратылыстану пәнін оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарының жүйесі. Күрделі тақырыптар оқыту және оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы педагогтік іс-әрекет		4						4
3.9	Оқу мақсаттарына қол жеткізудегі қалыптастырушы тапсырмалар әзірлеу тәсілдері. Көшпелі тәжірибелік сабақ					8			8
3.10	«Тіл және әдебиет» бiлiмберу саласындағы тiлдiк дағдылар. «Тыңдалым-айтылым», «Оқылым-жазылым» бөлімдері бойынша нәтижелеріне қол жеткізу		4						4
3.11	Сабақты жоспарлап өткізудегі Lesson study зерттеу әдісінің тиімділігі				4				4
3.12	Дүниетану пән бөлімдері «Мен және қоғам», «Тарих беттерінен», «Елімнің табиғаты» атты бөлімдерін оқытуда бiлiмалушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру		4						4
3.13	Бастауыш сыныптың бiлiм беру базмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Ғылыми жұмыстардың мазмұны мен бағыты.				4				4
	<b>4модуль. Цифрлық бiлiм берудiң ресурстары мен технологиялар</b>		<b>12</b>						<b>12</b>
4.1	Сандық бiлiм беру ресурстары. Бастауыш сыныпта сандық бiлiм беру ресурстарын дайындау және қолдану.		4						4
4.2	САбақта интербелсенді тапсырмаларды әзірлеу және іріктеуде онлайн сервистерін қолдану		6						6

4.3	Бастауыш сынып пәндерін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері		2					2
	<b>5 модуль. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктері мен зерттеу дағдысын дамыту</b>	<b>2</b>			<b>6</b>		<b>4</b>	<b>12</b>
5.1	Авторлық білім беру бағдарлама мазмұны мен авторлық бағдарламаны әзірлеу				2			2
5.2	Пәндік құзіреттілікті қалыптастыруда Lesson study, Learning study зерттеулерін жүргізу	2			4			6
5.3	Бастауыш сынып пәндерін оқытуда мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Проблемаларды талқылау және шешу жолдары						4	4

## 6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы-

- 1) Бағдарлама мазмұнына сәйкес күндізгі оқу біліктілікті арттыру курстың оқу тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Курстың оқу ұзақтығы 80 сағатты құрайды.
- 2) Бағдарлама мазмұнына сәйкес оқу тақырыптық жоспарына сай оқу курсы күндізгі және онлайн оқу режимінде ұйымдастырылады.

Күндізгі оқу курсына қатысушылар, бастауыш сынып мұғалімдері (тыңдаушылар) білімін бақылау және бағалау мақсатында сабақ үрдісі практикалық, шығын сабақ, таныстырылым, көшпелі практикалық сабақтар, тренинг, қорытынды тестілеу, дәріс, өзіндік жұмыстар өткізіледі. Онлайн режимінде курс тыңдаушылары вебинар, дәріс, тыңдаушының өзіндік оқу, қорытынды тестілеуді қамтиды.

Тыңдаушылармен өткізілетін сабақтың мазмұны біліктілікті арттыру курстың оқу тақырыптық жоспарындағы тақырыптар қамтылып, тыңдаушыларға арналған тапсырмалар мен тест тапсырмалары тақырыптың мазмұнына сәйкес қамтылып ұсынылады.

Курстың білім беру үрдісі оқытудың бірнеше түрлерін мен әдістеріп қамтыды (вебинар, тәжірибелік сабақ, семинар, дәріс, тренингтер, шебер сыныптар, өзіндік жұмыстар, бейнесабақтар, шағын сабақ, дөңгелек үстелдер, рөлдік ойындар, кейс әдістері, тыңдаушының өз бетімен оқуы. Курсқа қатысушы тыңдаушының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін кафедраның профессор-оқытушылар құрамы бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, қолданады.

## 7.Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

1 модуль. Білім беруді дамытудың нормативтік, құқықтық тұжырымдамалық негіздері.

Модульдің қысқаша мазмұны мен құрылымы. Модульде ұсынылып отырған тақырыптар білім беру үрдісіндегі нормативтік құқықтық актілер мен тұжырымдамалар. Бастауыш сыныптың жалпыға міндетті білім беру стандарты (№348 бұйрық, 2022 ж) және ҚР мектепке дейінгі, орта, тәрбие, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы үкіметінің 28 наурыз 2023ж, №249 қаулысы), «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (19 қыркүйек 2023 ж, №294 бұйрығы), «Педагог» кәсіби стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 15 желтоқсан 2022 ж №500 бұйрық).

Модульдің мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: ҚР Білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мен стратегиялық мақсаттары туралы түсінік қалыптастыру және сапалы білім берудің тәсілдерін меңгеру.

Міндеттері:

- ҚР мектепке дейінгі, орта және техникалық, кәсіптік білім беруді дамыту стратегиялары мен нормативтік, құқықтық құжаттардың мазмұнымен танысу;
- Мұғалімнің пәндік-кәсіби құзыреттілігін дамытуда білім беру жүйесіндегі негізгі бағыттар мен мақсаттары туралы түсінік қалыптастыру;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру жүйесінде оқытудың жаңаша тәсілдерін меңгеріп, ұйымдастырушылық, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерінің біліктілігі мен дағдыларын жетілдіру.

Курсқа қатысушы бастауыш сынып мұғалімдері білім берудің жалпыға міндетті стандартты іске асыруда республикалық-жергілікті өңірлердегі нормативтік құжаттардың тізбесімен танысып, оның мазмұны мен құрылымына талдау жасайды (кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Педагог» кәсіби стандарты). Білім беру қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттар мен бастауыш сыныпта оқу үрдісінде негізге алатын бастауыш білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты, мұғалімінің пәндік кәсіби құзыреттілігіне дамытуға бағытталған нормативтік құжаттардың мазмұнын өзектендіру. Нормативтік құжаттары «ҚР Білім туралы» Заң, «Педагог мәртебесі туралы заңы», «Мектепке дейінгі, орта, тәрбие, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», «Білім беру стандарты», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Педагогтің кәсіби стандарты».

Мұғалімнің оқыту іс-әрекетінде нормативтік құқықтық актілер (жалпыға міндетті білім беру стандарты, Мұғалімнің мәртебесі туралы Заң) мазмұнымен танысу, талдау. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңы. Заң 21 баптан тұрады, мұғалімнің мәртебесі, тәлімгерлік, мұғалімнің біліктілігін арттыру туралы. Курс тыңдаушылары білім беру саласындағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттармен айқындалатын білім берудегі өзара қарым-қатынас құрудың ерекшеліктерін қалыптастыруға бағытталған. «Кәсіби құндылық», біртұтас тәрбие бағдарламасындағы үш құндылықты талдау.

Курс тыңдаушыларының оқу қызметінде оқу-тәрбиелік, ғылыми-әдістемелік, ізденуші-зерттеушілік, әлеуметтік-педагогикалық, ағартушылық, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметінде кәсіби қызметі түрлері іске асырылады.

Бір тұтас тәрбие бағдарлама мазмұнымен және тәрбие парадигмасымен танысу. Білім беру үрдісінде құндылықтар бойынша тәрбие үрдісін ұйымдастыру, пәндерді оқытуда мұғалімнің іс-әрекетіндегі тәрбие құндылықтары мен Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру тетіктерін зерделеу.

2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Білім алушылардың жалпы адамзаттық құндылығы мен эмоциялық интеллектісін дамытудың негізгі басымдықтары ұсынылған және адамзаттық құндылықты қалыптастыруда тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі талаптары мен іс-шараларды жүзеге асыруға арналған құралдары айқындалған. Тұжырымдама мазмұнында М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбергеннің, А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұралары мен ұлттық дәстүрді құрметтеу, өз еліне қызмет жасаудың маңыздылығы мен оны іске асыру ұсынылады. Адамзаттық құндылықтарды білім мазмұны негізінде және тәрбие үрдісінде қалыптастырудың негізі ретінде ұсынылады.

Мемлекеттік бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты жүйелі қызмет тәсіліне негізделген. Бастауыш мектептің негізгі міндеті, оқушылардың бастауыш жалпы білім берудің базалық білім беру бағдарламасында оқушының сыни ойлау, шығармашылық, білім, білік дағдысын қалыптастыруға, қоршаған ортаны танып білу мен танымдық қабілетін дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді тұлғалық өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі жетілдіруде, өзінің мүмкіндіктері мен шығармашылығын қамтамасыз етуде балаға көмек көрсету деп түсіндіреді. (М. Р. Битянова).

Білім беру үдерісінің психологиялық міндеті:

- білім беру ұйымдарындағы дамуында әлеуметтік жағдайында психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және олардың туындау себебін, оны талдау жолы мен құралдары, білім беру ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық климатты үйлесімге келтіруге ықпал ету;

- баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесіне және мектепте оқыту үдерісіндегі психологиялық дамуының динамикасына, білім беру маршрутын жеке ерекшелікке қарай өзгертуге ықпал етуге мониторинг;

- бастауыш білім беру бағдарламасын ББМЖМС талаптарына сәйкес жеке тұлғалық, пәнаралық және пәндік нәтижелерді меңгеруге ықпал ету;

- әлеуметтік және психологиялық денсаулығына бағытталған және әлеуметтенуге қарсы (наркомания, әлеуметтік жетімдік, отбасындағы зорлық-зомбылық және т.б) құбылыстарда, бейімделудегі, оқу мен тәрбиедегі, білім алушылардың дамуындағы кедергілер мен қиындықтарға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу мен енгізу;

- білім алушылардың күзiреттiлiктерiн қалыптастыруда өзiн-өзi жетiлдiру мен өзiн-өзi дамыту саналы және белсендi әлеуметтiк тәжiрибе арқылы жүргiзiледi, мәдени тұлғалық ерекшелiктi, әлеуметтiк құзыреттiлiк, толеранттылық, жаңа бiлiм мен бiлiктiлiгiн өз бетiмен меңгеруге ықпал ету;

- бiлiм алушылардың тәрбиесiнде педагогикалық қызметкерлерге, ата-аналарға (заңды өкiлдер), сонымен қатар оларда бiр-бiрiне деген өзара көмек, толеранттылық, мейiрiм, өзiне деген жауапкершiлiк пен сенiм, басқа тұлғалардың еркi мен құқығына қол сұқпай ықпал ете бiлу;

- бiлiм беру мекемелерiнiң мамандарының кәсiби әрекетiнде, бiлiм беру басқармасы бастамасымен немесе жеке бiлiм беру ұйымдарымен ұйымдастыруымен өткен бiлiм беру бағдарламалары мен жобалары, оқу-әдiстемелiк құралдарына кешендi педагогикалық-психологиялық сараптама жүргiзедi;

- отандық, шетелдiк психология мен педагогика саласында бiлiм беру мекемелерiнiң нәтижелерiн тарату және енгiзу;

- бiлiм беру бөлімшелерімен (денсаулық қызметі, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум, алдын алу кеңесі және басқа), бiлiм беру ұйымдарымен және тұрғындардың әлеуметтiк қорғауы т.б ұйымдарымен қарым-қатынас жасау.

## **2модуль. Білім беру сапасын арттыруда оқытудың мазмұны мен әдістері**

Модульдің қысқаша мазмұны.

Модульдің мақсаты міндеттері.

Мақсаты: Бастауыш сыныптың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны, құрылымы, оқу мақсаттары және білім алушылардың тұлғалық даму деңгейі мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу,

нәтижені бағалау. Оқытудың белсенді әдіс тәсілдермен заманауи технологияларды тиімді қолдану арқылы мұғалімнің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру. Оқу тапсырмаларын сабақ мақсатына сәйкес әзірлеу, білім алушыда қалыптасатын дағды мен білім, білік. Бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларының мазмұнындағы оқу мақсаттарына қол жеткізудегі мұғалімнің кәсіби қызметі мен дағдысын қалыптастыру.

Тәжірибелік жұмыс. Бастауыш сыныптың типтік үлгілік оқу бағдарламасына шолу. Кіріспе бөлім. Мемлекеттің білім беру саласындағы мүмкіндіктері қайда тіркелген? Білім беру саласындағы оқу пәндері бойынша қандай құзіреттілік қалыптасады?

Бастауыш сыныптың үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнымен жеке танысу, белгі қойып отыру «!» – таң қалдырды, «?» – түсіндіруді талап етеді, «+» – таныс, формаланған (контент-талдау) негізінде белгілі.

Топтарда бастауыш мектептің типтік оқу бағдарламаларына қысқаша шолу жүргізу. Жұмыс нәтижелерін еркін рәсімдеу. Жазбалармен алмасу, өзара бағалау, жауаптарды бірлесіп талқылау, түзету.

«Бастауыш сыныптың үлгілік оқу бағдарламасын қолданамын» атты кестесі жеке толтырылады.

Бөлім, бөлімше	Оқу мақсаты	Сабақтағы іс- әрекет түрлері	Мұғалім үшін ескертпе	Ресурстар

Қорытынды бөлім

Рефлексия. «Резюме»

Топтың әрбір қатысушысына карточканың бір жағына қысқаша резюме жазу. Әрбір топтың түйіндемесі жиналады. Бірінші топтың карточкалары екінші топқа, екінші топтың карточкалары үшінші топқа және т.б. беріледі. Тапсырма – үздік резюмемені таңдау.

«Ойлан, жұптас, бөліс» - стратегиясы.

«Педагогикалық әдістемелер (технология) ұғымына анықтама беру. Өзара бағалау. «Мен саған, сен маған», «екіжұлдыз, біртiлек», сын тұрғысынан ойлау стратегиялары.

Ұсынылған әдебиеттер мен басқа да материалдар негізінде заманауи сабақ тәсілдемесін зерделеу, өз білімдерін топтарға жеткізу:

а) білім алушылардың қызметін жандандыру және қарқындету негізіндегі педагогикалық технологиялар (ойын технологиялары, дамыта оқыту, оқу материалының сызбалық және белгілік модельдері негізінде оқытуды қарқындету технологиясы және т.б.);

б) оқу үдерісін басқару және ұйымдастыру тиімділігі негізінде педагогикалық технологиялар (деңгейлік дифференциация технологиясы, міндетті нәтижелер негізінде оқытудың деңгейлік дифференциациясы (В.В. Фирсов), Ж.А. Қараевтың оқу тапсырмаларын деңгейлік саралауы, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, оқытуды даралау технологиялары;

в) дидактикалық материалдарды қайта құру және педагогикалық технологияларды қолдану (М.М.Жанпейісованың модульдік интерактивті оқыту технологиясы, М.Б.Воловичтің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясын жүзеге асыру және т.б.)

г) дамыта оқыту технологиялары (Л.В.Занкованың дамыта оқыту жүйесі, дамыта оқытуда В.Давыдовтың технологиясы, жеке тұлғаның сыни ойлау, қабылдау, шешім қабылдау дағдысын дамыта оқыту жүйесі (Альтшуллер Г, Иванов Г және т.б.).

Өзара бағалауда қол шапалақтау, (Отшашу). Педагогикалық технология негізінде заманауи сабақты жобалау. Педагогикалық технологиялар негізінде заманауи сабақты жобалау және таныстыру.

Тренинг. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде дамыту тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері тренинг. Кіріспе бөлім. Оқыту стратегиялары (ойлан, жұптас, бөліс т.б).

STEM пәндерін тиімді оқыту жүйесі. Білім беру саясатын жүзеге асыруда оқу бағдарламаларына STEM элементтерін енгізу жоспарланған, ол жаңа технологиялар, ғылыми технология, ғылыми инновация, математикалық моделдеуді дамытуға бағытталады. STEM оқыту оқушыларға осы пәндердің өзара байланысын теорияда да, практикада да, ғылыми-техникалық білімді практикада қолдану мүмкіндігін көрсетуге, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, ұжымдық қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытуда пәнаралық және жобалау әдіс-тәсілдері енгізіледі, бұл оқушыларға зерттеу және ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруға көмек болады, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын арттырып, мәселелерді шешуде инновациялық және шығармашылық ойлауды дамытады, коммуникация және командамен жұмыс істеуді белсендіреді. Оқыту пәндері бойынша пәнаралық байланыс орнайды, ортақ тақырыптар бойынша сабақтар жүргізіледі.



STEM-білім беру оқу мен мансапты байланыстыратын көпір болады. Оның тұжырымдары технологиялық дамыған әлемге балаларды дайындайды. Болашақтың мамандарына жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технология мен математика салаларынан жан-жақты білім қажет болады.

STEM технологияларының артықшылықтары:

1. Пән емес тақырыптар бойынша интеграцияланған білім беру. STEM – білім беру пәнаралық және жобалау әдіс-тәсілдерін біріктіреді, жаратылыстану ғылымы, оған технология, инженерлік шығармашылық, математика интеграциясы негіз болады.

2. Шынайы өмірде ғылыми-техникалық білімді пайдалану. STEM-білім беру балаларға шынайы өмірде практикалық тапсырмаларды бере отырып ғылыми-техникалық білімді қолдануды көрсетеді. STEM бағдарламалары сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады және балалардың өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуде қажетті дағдыларды дамытады.

3. Өз күштеріне деген сенімділікті арттыру. Балалар көпірлер салып, аэропландар мен машиналарды жүргізіп, роботтар мен электронды ойындарды, роботтарды тесттен өткізіп, су астындағы, ауадағы конструкцияларын әзірлей отырып, өз мақсаттарына жақындайды. Олар өз өнімдерін жетілдіре отырып дағдыларын дамытады. Осындай мәселелерді шеше отырып, өз мақсаттарына жетеді.

4. Белсенді коммуникация және командалық жұмыс. Талқылау кезінде пікірталас жасау үшін еркін атмосфера құрылады. Оқушылар өздерін еркін ұстап, презентация жасауға үйренеді. Олар командада үнемі мұғаліммен және достарымен қарым-қатынас жасайды. Балалар үдеріске белсенді қатысқан кезде, сабақты да жақсы есте сақтайды.

5. Бастауыш сыныпта дүниетануға деген қызығушылықты дамыту. Жасаған жұмысқа деген қызығушылық болашақта да оқушыға қажет болады.

6. Жобаларға креативтілік пен инновациялық жолмен келу. Әр баланың жеке ерекшеліктеріне негізделген оқу іс-әрекетінің құрылуы, онда баланың өзі өзінің білім мазмұнын таңдауда белсенді болады, білім берудің субъектісіне айналады.

7. Дүниені тану, қарым-қатынас, сыни тұрғыдан ойлау мен оқу арасындағы көпір. Көптеген сараптамалар бойынша 10 мамандықтың 9 мамандығы STEM білімді қажет етеді.

8. Өмірдегі технологиялық жаңалыққа балаларды дайындау. STEM бағдарламалары технологиялық дамыған әлемге балаларды дайындайды. Технологиясыз біздің әлемді көзге елестету мүмкін емес.

9. STEM - бастауыш мектепте оқушыларды топтастыру, ол арқылы оқушылар әлемді біледі, бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді.

Негізден бастауыш сынып оқушылары жаңаша ойлауды тезірек игеруі керек? Интернеттің пайда болуының арқасында біздің өміріміз соңғы онжылдықтарда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Көптеген технологиялардың пайда болуы бізге жаңа қиындықтар мен жаңа таңғажайып мүмкіндіктер әкелді. ХХІ ғасырдың балалары біз сияқты емес, мүлдем басқа ұрпақ болатындығы қазірдің өзінде айқын. Жылдам өзгеретін жоғары технологиялық әлем адамдардың дағдылары мен қабілеттерінің жаңа эталонын белгілейді. Қарапайым аудио және бейне материалдарды шолу ғана емес әлеуметтік желілер құру, электронды пошта арқылы құжат жіберуден қашықтықтан білім беруге дейін өсті, ал қарапайым анимация 3D виртуалды өмірге айналды.

STEAM оқу кеңістігі адамдарға тиімді, интерактивті оқыту әдісін ұсынады, сонымен бірге өзін-өзі тәрбиелеу және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Осы білім беру үдерісін егжей-тегжейлі қарастырайық: мұнда дәстүрлі білім беру түрінен не ерекшеленеді және балалардың ойлауы қалай дамиды.

Мысалы, ортақ бір тақырып беріледі. Алдымен балалар қысқа деректі фильм көреді, ойын ойнайды немесе мұғаліммен бірге арнайы тапсырмалар орындайды. Олар әр түрлі тіршілік иелері мен табиғат зоналары туралы түсінік алады, сол арқылы олар сурет салады немесе қолөнер жасайды, осылайша балалар тәжірибе арқылы білім алады. Осыдан кейін олар әр тақырыпты бөлек зерттейді: оқушылар бейнежазбаларды көреді, аудиожазбаларды тыңдайды, интернеттегі қажетті сайттарды қарайды, бұл өздігінен оқитын уақыт. Енді олар тақырыпты қаншалықты түсінгендіктерін анықтауға тестілеуден өтеді, содан кейін оқушылар өздері аудио немесе видео материалдар жасайды немесе қоршаған орта туралы өз блогтарына жазады. Бұл кезең мағынаны қалыптастыру деп аталады. Соңғы сатыда бүкіл сынып қоршаған ортаның өзгеруі тақырыбында 10 минуттық бейнефильм түсіреді, атап айтқанда: көмірқышқыл газы шығарындыларын қалай азайтуға болады. Бұл кезеңде барлық балалар тақырып бойынша білімдерін көрсетеді (барлығы не үйренгенін). STEM тәсілі дәстүрліден айтарлықтай ерекшеленеді:

- Балалар өздігінен дайындалуға көбірек уақыт бөледі, проблемаларды табуға және оларды өздігінен шешуге үйренеді.

- Балалар өздерінің жақсы және жаман оқу тәжірибелерімен бөліседі, жобаларда бірлесіп жұмыс істейді немесе нақты мәселелерді шешеді.
- Сыныптастар бір-біріне көмектеседі және қолдайды, жаңа дағдылармен және білімдермен оқу мәселелерін шешеді.

Критериалды бағалау жүйесі. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. Оқу мақсаттарының Блум таксономиясы.

Кіріспе бөлім . «Ойлан», «Жұптас, бөліс» стратегиялар. «Мақсат қою», «Мақсатты анықтау», «Мақсаттың мәні» ұғымдарына анықтама беріңіз. Ұжымдық қорытындылау. «Екіжұлдыз, біртiлек» әдісі.

Тақырыппен мақсатты хабарлау. Мақсат қою процесі кез-келген қызметті ұйымдастыруға негіз болатындығын дәлелдеу. Сөз тіркесін толықтырыңыз: «Мақсатсыз іс-әрекет - бұл ...» (санасыз, мағынасыз, өнімсіз, кездейсоқ, әртүрлі салдарлар ...). Мақсаттар мен міндеттерді салыстырыңыз (ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Мақсаттар мен міндеттерге мысалдар келтіріңіз.

«Шындық-жалған» стратегиясы. Мақсатты құруға дұрыс және бұрыс көзқарасты анықтаңыз. Мақсатты тұжырымдау (М.В. Кларин бойынша):

- мазмұнды қалай зерттеуге болады (екпінсіз дауысты дыбыстар туралы ережелерді оқып үйрену, етістіктердің екпінсіз аяқталу емлесін зерттеу, аймақ формуласын зерттеу) - дұрыс емес тәсіл;

- мұғалімнің қызметі ретінде (әдебиеттегі жанрлар туралы айту, квадратты зерттеуге жағдай жасау, көп таңбалы сандарды қосу мен бөлуге үйрету) - дұрыс емес тәсіл;

- сыртқы көрініс тапқан оқу әрекеті ретінде (мәтінді қайта баяндау жоспарын құру, ... өлшеу, зерттеу ..., орындау ..., қатысу ...) - дұрыс емес тәсіл;

- оқу қызметі нәтижесі ретінде (мәтінді көбейтеді, анықтамасын береді ..., ережесін түсіндіреді ..., заңдылықты қолданады ..., шамалар арасындағы байланысты көрсетеді ..., схемасын жасайды ..., алгоритмін жасайды ...) - дұрыс көзқарас;

- оқушылардың ішкі үдерісі және дамуындағы ығысу ретінде (оқу кезінде сыни тұрғыдан ойлау, мәтінді талдауға үйрену, ішкі іс-қимыл жоспарын құру, интеллектуалды қабілеттерін дамыту және т.б.) - дұрыс / бұрыс тәсіл.

Оқыту нәтижесі - бұл білім алушы білуі, түсінуі және оқу үдерісі аяқталғаннан кейін көрсете алуы және керек нәрсені тұжырымдай білуі.

Оқушылардың іс-әрекетінде көрінетін және мұғалім немесе басқа сарапшы сенімді анықтай алатын оқу нәтижелері арқылы мақсаттарды тұжырымдау қажет. Бұл бізді Бенджамин Блум таксономиясына әкеледі (1913-1999), ол оқу нәтижелерін жазу тапсырмасын едәуір жеңілдетті.

Диалогті дәріс: Бастауыш сыныптағы инклюзивті білім беру мазмұны мен мұғалімнің оқыту әдістемесі.

Бастауыш сыныптағы кейбір оқушылардың психикалық даму заңдылықтарын білу және оларды оқыту ерекшеліктері, оқыту әдістемесі мен талаптары, әлеуметтік оңалтуда негізі мақсат мен міндетті орындау.

Бастауыш сыныптағы кейбір оқушылардың ерекше білімді қажетсінуіне байланысты оған толыққанды тұлға ретінде көзқарасты қалыптастыру, құқықтары мен міндеті бар тұлға ретінде тәрбиелеу. Бастауыш сынып жасындағы оқушының әлеуметтік қатынастардың күрделі әлемінде қажетті қажеттіліктерін қолдау және тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Инклюзивті білім беруде оқушы тұлғасының қажеттіліктері бар кейбір психологиялық ерекшелігін қарастырыңыз:

- Олигофренпедагогикасы. Ақыл ой кемістігі бар баланың психикалық дамуындағы ерекшелік;

- Тифлопедагогикасы. Тілде аз-мәз кездесетін кемшіліктері бар балалардың психикалық дамуындағы ерекшелік;

-Эндонендік (шизофрения, депрессия, эпилепсия т.б.) аурулары бар балалардың психикасы;

-Әлеуметтік бейімсіздік, невроздар, астения, психопатия аурулары бар балалардың психикалық дамуының ерекшелігі;

-Тұлғаның психикасында ауытқулары бар психикалық даму тежелуі мен психикалық инфантилизм.

4. Психикалық дамуы тежелген жеке тұлғаның аномалиялары. Тұлғаның ауытқуларының себебі бұл жеке тұлғаның дамуындағы тежелуі және әртүрлі этиологиядағы психикалық инфантилизмнің болуы.

Инфантилизм-жасөспірімнің, жас жігіттің, ересек адамның психикасы мен мінез-құлқындағы, балалық шаққа тән қасиеттері мен ерекшеліктерін сақтау.

5. Психопатияда (оның барлық түрлерінде) жеке даму ақаулары бар, негізінен моральдық салада. Жеке тұлғаның интегралды, жүйелік өзгерісі, бұл «ерекше» бала, «өзгеше» адам, кез келген адамның алдында тұрған

білім беру міндетін шешу үшін әдеттегіден мүлдем өзгеше білім беру жағдайларын қажет ететін адам.

Рефлексия. Педагог пен оқушының іс-әрекетіндегі рефлексияның рөлі. Тындаушылар кәсіби қызметтегі проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын анықтау дағдыларын алады, кәсіби және тұлғалық даму әдістерін игереді. Сабақты жоспарлау, оқу мақсатына қол жеткізуде белсенді әдіс-тәсілді және қалыптастырушы бағалау тапсырмалары, кері байланыс т.б. тиімділігін талдайды.

Дәріс. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықты анықтауда халықаралық зерттеулер. TIMSS-PIRLS зерттеулері.

[TIMSS](#) туралы қысқаша ақпарат (Trends in Mathematics and Science Study): ұйымдастырушы, мақсаты, қатысушылары, халықаралық зерттеуді жүргізу мерзімділігі.

TIMSS зерттеу құралдарын әзірлеу негізі ретінде (TIMSS Assessment Frameworks and Specifications) арнайы негіздемелік құжаты. TIMSS халықаралық тестілерді әзірлеу қағидаттары.

TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеудің құралдары: сауалнама (оқушылар, мұғалімдер, білім беру мекемесінің әкімшілігі, білім беру саласындағы сарапшылар, зерттеу сапасын бақылаушылар үшін); әдістемелік қамтамасыз ету (зерттеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық үйлестірушілер үшін нұсқаулық, іріктеуді қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық, мектеп үйлестірушілері үшін нұсқаулық, тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқаулық, бос жауаптармен тапсырмаларды тексеру жөніндегі нұсқаулық, деректерді енгізу жөніндегі нұсқаулық және т.б.); бағдарламалық қамтамасыз ету (сыныптар мен оқушыларды іріктеу, мәліметтерді енгізу жөніндегі нұсқаулық).

TIMSS тапсырмалары түрлері (математика және ғылыми жаратылыстану циклі пәндері бойынша сұрақтар): жауап таңдау және еркін құрастырылатын жауап. Мазмұнды блоктар мен оқу-танымдық қызмет түрлері мәтініндегі оқушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану дайындығының нәтижелерін бағалау.

PIRLS ([ағылш.](#) Progress in International Reading Literacy Study) мәтінді оқу және түсіну сапасын халықаралық зерттеу: халықаралық зерттеудің қысқаша тарихы, мақсаты, қатысушылары, мерзімділігі.

PIRLS-те бағалау үшін оқу түрлері: оқырман әдеби тәжірибесін алу үшін оқу, ақпаратты меңгеру және пайдалану үшін оқу. PIRLS-те бағалау үшін мәтіндердің түрлері: ғылыми-танымал (ақпараттық) және көркем.

PIRLS-те тапсырмалар түрлері: жауаптарды таңдаумен, оқиғалардың бірізділігін анықтауға, еркін құрастырылатын жауаптарымен. PIRLS-те төрт дағды бойынша бағалау: ақпарат таба білу, қорытынды жасай білу, ақпаратты түсіндіру және жалпылау; мәтіндердің мазмұнын, тілдік ерекшеліктері мен құрылымын талдау және бағалау.

Тәжірибелік жұмыс

TIMSS және PIRLS зерттеулері контекстінде бастауыш сынып оқушыларына арналған тапсырмаларды әзірлеу.

Кіріспе бөлім. «Пікірді жалғастырамыз» әдісі. Дөңгелектеніп тұру.

«Сауаттылық» тақырыбы бойынша пікір алмасып, әңгіме құрастыру. Қатысушы өз пікірін толық жеткізеді, әңгіме мазмұнын толықтыра отырып және өткен сабақтың негізгі сөзін пайдалана отырып, түсінігін айтады. Сауаттылық ұғымына түсініктеме беруде әріптестер пікір беріп отырады.

Сабақ тақырыбын көрсету. Сабақтың мақсатын бірлесіп анықтау. Негізгі бөлім. Ақпаратпен жұмыс. Постер құрастыру. Математикалық сауаттылықты дамыту, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамыту, оқу сауаттылығын дамыту.

Жаратылыстану пәнінен сабақты жүргізуде оқу мақсаттарына қол жеткізу және бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту. «Үштік» әдісі. Жаратылыстану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу іскерліктері мен дағдыларын дамыту қалай жүзеге асырылады? деген сұраққа жауап беру. Жаратылыстану сабағын бейнетаспадан көру, талқылау.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу іскерліктері мен дағдыларын дамытудың зерттелген тәжірибесін оқытудың өзіндік тәжірибесіне енгізу бойынша ұсыныстар жасау. Қорытынды бөлім. Рефлексия «Нысана».

Дүниетану пәнінің үлгілік оқу бағдарлама мазмұнындағы бөлім «Тарих беттерінен» және «мен-қоғам», «елімнің табиғаты» оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізу және дағды.

«Дүниетану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы күрделі тақырыптарды анықтау. Оқу мақсатна сәйкес оқу материалдары мен ресурстарды қамтамасыз ету, сабақтың барысын талқылау. Сабақты ұйымдастырудағы негізгі проблемалар мен кейбір оқушылардың оқу мақсатына қол жеткізудегі саралау тапсырмаларын әзірлеу, оның тиімділігін анықтау. Постерлер арқылы проблемалармен алмасу және олардың шешімін ұсыну. «Ой толғаныс», «плюс- минус, қызықты» әдіс

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуда тіл білім беру саласындағы пәндерді оқытуда әртүрлі мәтіндері құрастыруға үйрету.

«Тұжырымдама кестесі» әдіс

Дағды	Қазақ тілі сабағында дамыту тәсілі	Әдебиеттік оқыту сабағында дамыту тәсілі	Дағдыларды дамыту кезінде пайда болуы мүмкін болжамды қиындықтар
-------	------------------------------------	--	--

Интерактивті дәріс. Сабақты жоспарлап өткізудегі Lesson study зерттеу әдісінің тиімділігі.

Lesson study әдісі 19 ғасырдың 70 жылдарында Японияда пайда болған педагогикалық тәсіл. Бастыста «Іс-әрекеттегі зерттеу» атты тәсілімен кейінгі жылдары қолдануда. Сабақты зерттеуде Lesson study деген қазіргі таңда бүкіл әлемде қолдануда. Азия, Еуропа Солтүстік Америкада, және Африка т.б. елдерде таралып отыр. Lesson study әдісі сабақты жоспарлау, бақылау, талдау, бірлескен педагогтердің рефлексивті циклі болып табылады. Lesson study технологиясы Ұлыбритания, Сингапур, Қытай, АҚШ т.б. білім беруде жақсы нәтижеге қол жеткізіп, қолданып жатыр. Lesson study бойынша топтар құрастырылып пән бойынша, мәселелер бойынша, сынып бойынша, ортақ тілектер бойынша, әдістемелік бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Lesson study өте тиімді әдіс. Себебі бұл үрдісте мұғалімнің пікірі бойынша оқыту үрдісі талқыланып, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, мұғалімнің еәсіби дамуын іске асыруда әріптестердің ұсынысы мен пікірлері, сабақты зерттеу, бақылау арқылы мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамытуға ықпал жасайды. Lesson study әдісінде сабақты зерттеу мұғалімдердің бір-бірімен әдістемелік білімін кеңейтуге, кәсіби білімдері мен біліктіліктерін арттыруға, жұмыс тобында жұмыс жасап, ынтымақтастық орнатуға, кәсіби тәжірибе алмасуға идеялар іске асады. «Зерттеу сабақта» мұғалімнің қолданған оқыту формалары, тәсілдерін және әдістерінің тиімділігін ескеріледі.

Топтық жұмыс. «Деректер қоржыны» тәсілі. Lesson study әдісінің мақсатын атаңыз. Зерттеуді қалай түсінесіз? Кім өткізеді? Зерттеуге кімдер қатысады? Бақылауды кімге жүргізеді? Сабақты кім жоспарлайды?

Тәжірибелік сабақ. Ғылыми жобалар мен зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Ғылыми жұмыстардың мазмұны мен бағыты.

Педагогикалық үрдісте білім алушылармен жұмыс барысында жаңа білімдерді іздеу ғана емес, нақты мәселені шешуде жұмыс жасаймыз. Жобаны дайындау шығармашылық іс-әрекет. Шығармашылық көптеген сыртқы жағдайларға байланысты болады. Шындықты іздеу – бұл зерттеу. Зерттеу әрқашан шығармашылық сипатқа ие. Шындықты мүддесіз іздеудің

нұсқасын білдіреді. Зерттеу нәтижесінде алған жаңашыл білім пайдалы ғана емес, тіпті қоғам және зерттеушіге зиян болуыда мүмкін. Зерттеудің әдісі білім мен түсінікті алуда зерттеуші қолданатын тәсілі мен өңдеу жұмыстарының жүйесі болып табылады. Зерттеуде гипотеза жасау, анықтау және тексеру, қорытынды шығару, ұсыныс жасау, деректер жинақтау, оны талдау мен түсіндіруге бағытталған әртүрлі іс-әрекеттер мен қадамдарды қамтиды. Зерттеуде ақпараттарды жүйелеуге, зерттеу мақсатын анықтауға, тиісті құрал мен әдісті таңдауға, нәтижелерді шығаруда зерттеушінің негізгі қызметі. Мәселелерді анықтау, болжам жасау, зерттеудің әдістерін таңдау, ақпараттар мен деректерді жинау, тұжырым жасау, қорытынды шығару, ұсыныс жасау бұл зерттеу әдісінің кезеңдерін қамтиды. Зерттеуде жүйелілік, объективтілік пен сенімділік, нәтижені тексеру мен талдау сияқты қағида қолданылады. Зерттеуде тақырып аясында оқу басылымдары мен ғылыми-педагогикалық еңбектер, зерттеу жұмыстары бойынша әдебиеттер зерделенеді, талдау жасалынады, пайдаланылады.

Жаңа білімді алуда, қоғамның, тұлғаның және басқа да зерттеу құбылыстарын түсінуге жүйелі және ұымдастырылған тәсіл зерттеудің негізгі идеясы болып табылады. Ғылыми жұмыста және жоба жұмысындағы зерттеу әдісі ақпаратты жинау, талдау, тәжірибелік эксперименттер мен бақылаулар жүргізу, нәтижеден қорытынды шығару, ұсыныс жасау кіреді.

Қоршаған ортамыз туралы біліміміз бен түсініктеріміздің кеңейтуде сенімді, объективті нәтижені алу зерттеу әдісіміздің мақсаты болып табылады. Білім беруді жүзеге асырудағы іс-әрекетті ұйымдастыру және оқыту әдісіміз жобалық әдіс. Жобаға қатысушы негізгі проблеманы анықтау, шешімдерді тауып, зерттеу жұмысын жоспарлап, нәтижені шығаруда бірлесе жұмыс жасайды. Жоба-тұлғаның белсенді және өз бетінше жұмыс жасауда белсенділігін арттырып, материалды терең меңгеруге ықпал жасап, сыни ойлау, ақпаратты талдау, шешім қабылдау, идея ұсыну мен жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта ғылыми жұмыстар ұйымдастыру оқушы тұлғасының ізденушілік-шығармашылық қабілетін дамытуда шығармашылық жұмыс. Ұсынылатын тақырыптар бағдарлама мазмұнындағы бөлімдер бойынша ауа райы, табиғат, өсімдіктер, жануарлар, тағамдар т.б. қарастырылады.

Зерттеу әдістеріне бақылау, эксперименттік зерттеулер, нақты практикалық зерттеулер, сапалық және сандық зерттеулер, сауалнамалық зерттеулер т.б. түрлері жүргізіледі.

Педагогикалық тәжірибе алмасу

Қорытынды бөлім Рефлексия. «Почтовый индекс». Сабақта алған білімдерін ой шолу, ой толғаныс жасау, өз пікірлерін жазбаша түсініктемелер беру.

## **8.Оқу нәтижесін бағалау**

Қорытынды тестілеу.



1. Бастауыш сыныпта қолданылатын үлгілік оқу бағдарламыз қай бұйрықпен бекітілген?

- A. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрық
- B. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрық
- C. ҚР 2023 23 қыркүйектегі №403 бұйрығы
- D. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің №500 бұйрығы, 2018ж

2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қай уақытта бекітілген?

- A. 2023 жылдың 19 қыркүйекте
- B. 2022 жылдың 20 қарашасында
- C. 2023 жылдың 11 қыркүйегінде
- D. 2022 жылдың 16 қыркүйегінде

3. PIRLS зерттеу оқушылардың қандай білімін анықтайтын зерттеу?

- A. Мәтінді оқу, түсіну сапасын анықтайтын халықаралық зерттеу
- B. Оқушының сөзді және сөйлемді оқуды зерттейтін зерттеу
- C. Математикалық білімдерін зерттеутін зерттеу
- D. Оқу мен жазу, сыни ойлау қабілетін анықтайтын зерттеу

4. Бастауыш сыныпта математика және жаратылыстану білім сапасын бағалауда қолданылатын халықаралық зерттеу қалай аталады?

- A. TIMSS
- B. PISA
- C. PIRLS
- D. OILLD

5. Б.Блум таксономиясының негізгі бағыттын атаңыз

- A. Білімді толық меңгеруде жеке тұлғаның шығамашылығын дамыту
- B. Оқушының белсенділігін арттыру
- C. Білімді меңгеруде оқу іс-әрекетіне белсенне қатысуы
- D. Тәрбие мен оқудың біртұтастығы

6. Ғылыми жобаның мазмұнында нендей материалдар қамтылған?

- A. зерттеу жұмыстары
- B. оқу-тәрбиенің бағыттары
- C. Оқыту әдістері
- D. Оқушы мен мұғалімнің жұмыстары

7. Тұлғаны дамыту, базалық мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралын атаңыз

- A. Білім беру
- B. Оқыту мен тәрбиелеу
- C. Педагогикалық үрдіс
- D. Қарым-қатынас

8. Бастауыш сыныпта оқушыларда қалыптасатын дағдылардың бірін атаңыз

- А.бірлескен зерттеу
- В.адами құндылықты сақтау
- С.Достық қарым-қатынас
- Д.өзбетінше жұмыс жасау

9.Алдыңғы білім мен ұштастыра отырып жаңа білімді меңгерудегі оқыту тәсілін қалай атаймыз?

- А.сындарлы
- В.Дәстүрлі
- С.Модулді
- Д.Қорытынды

10. Сабақты жоспарлаудағы мұғалімнің бірінші қадамын айтыңыз

- А.Сабақ мақсатын анықтау
- В.Сабақты жоспарлау
- С.Оқушыны зерттеу
- Д.Бағдарламаны талдау

### **9.Курстан кейінгі қолдау**

Бастауыш сынып мұғалімдері біліктілікті арттыру курсына алған білім мен іскерліктері оқыту тәжірибесінде қолдануы мұғалімнің кәсіби күзiреттiлiгiнiң қалыптасуына және әдiстемелiк қолдаудың қажеттiлiгiн тудырып отырады.

Мұғалiмдер курстан кейiн оқыту үрдiсiн ұйымдастыруда кеңес берулер, түрлi iс-шаралар, байқаулар, олимпиадалар, конкурстар, әртүрлi байланыс құралдарын (сымтетiк, электронды почта, вацап, түрлi әлеуметтiк желiлер т.б.) қолдана отырып жарыстар өткiзу арқылы жүзеге асырылады.

- Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің ғылыми-практикалық конференцияларына педагогтардың қатысуы;
- Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дің оқу-әдiстемелiк iс-шараларына (семинарлар, вебинарлар, әдiстемелiк десанттар және т. б.) педагогтердiң қатысуы;
- жеңiмпаздар лигасының қызметiне педагогтардың қатысуы;
- сабақты тиiмдi оқыту әдiс-тәсiлдерi бойынша семинарларға қатысу;
- мұғалiмдердiң виртуалды тәлiмгерлер мектебiне қатысуы;
- Ғылыми әдiстемелiк және педагогикалық журналдар мен басылымдарға педагогтердiң мақалаларын жариялау;
- әдiстемелiк материалдарды бiрлесiп әзiрлеу.
- ЖОО-да ұйымдастырылатын әдiстемелiк олимпиада, байқау т.б. қатысу.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы. ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
3. Педагог мәртебесі туралы. ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
4. «Педагог» кәсіби стандарты 15.12.2022. - [Электрондық ресурс] .- <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. - Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2023. - 52 б.
6. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін 2023-2024 оқу жылында ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. - 102 б.
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
8. Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/639660?lang=kk>
9. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767>
10. Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 176 б
11. Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат: Оқу құралы / Шертаева Н.Т., Битұрсын С.С. Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2023. -184б
12. Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 48 б.
13. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.
14. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
15. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын

калыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

16 Дадли П. Lesson Study: теория және қолдану тәжірибесі. - Астана, 2013.

17 Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.

18 .Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту/ ред. Н.Б.Шумакованың жетекшілігімен. – М.: Ағартушылық, 2011.